

Алматы облысының әкімшілік шекарасындағы Үлкен Алматы, Түрген, Шелек, Ақсай, Ащыбұлақ, Шарын, Текес, Күрті, Ақсу, Басқан, Үсек, Тентек, Шіже, Сарқан, Лепсі, Қорғас, Борохудзир, Бүйен, Қызылағаш, Ақешкі, Шынжалы, Мақаншы, Ұзынқарғалы, Қопа, Жирен-Айғыр, Шамалған, Біже, Қарқара, Ассы, Жаманты, Қастек, Тарғап, Көкөзек, Белбұлақ, өзендерінің, Сасықкөл, Жалаңашкөл көлдерінің және Күрті, Бартоғай су қоймаларында су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қарашадағы N 246 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 22 желтоқсанда N 2083 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 39-бабының 2-тармағына және 116-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 8-1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату Ережесін бекіту туралы" № 42 қаулысына сәйкес, су объектілерін санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес ұстау үшін, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануының және сарқылуының алдын алу үшін, сонымен бірге жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау мақсатында Алматы облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Бекітілген жобалау құжаттамаларының негізінде, су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін:

1) Үлкен Алматы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы ;

2) Түрген өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы ;

3) Шелек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы ;

4) Ақсай өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы ;

5) Ащыбұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы ;

6) Шарын өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс ж о б а с ы .

- 7) Текес өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 8) Күрті өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 9) Ақсу өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 10) Басқан өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 11) Үсек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 12) Тентек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 13) Шиже өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 14) Сарқан өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 15) Лепсы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 16) Қорғас өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 17) Борохудзир өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 18) Бүйен өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 19) Қызылағаш өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 20) Ақешкі өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 21) Шынжалы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 22) Мақаншы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 23) Ұзынқарғалы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 24) Қопа өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс  
ж о б а с ы .
- 25) Жирен-Айғыр өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж о б а с ы .
- 26) Шамалған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

27) Біже өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс

ж о б а с ы .

28) Қарқара өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

29) Ассы өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс

ж о б а с ы .

30) Жаманты өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

31) Қастек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс

ж о б а с ы .

32) Тарғап өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс

ж о б а с ы .

33) Көкөзек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

34) Белбұлақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

35) Сасықкөл көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

36) Жаланашкөл көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

37) Күрті су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

38) Бартоғай су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу

ж ө н і н д е г і

ж ұ м ы с

ж о б а с ы .

2. Су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шеңберінде шаруашылыққа пайдалану режимі 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Алматы облысының жер қатынастары жөніндегі басқармасы (Б.И. Жүнісов) "Алматы жер ғылыми өндірістік орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнымен (Б.Т. Ахшанов) бірлесе отырып, бекітілген жобаларға сәйкес су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекарасын картографиялық материалдарға түсірсін және жер-есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Д. Досымбековқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л м а т ы

о б л ы с ы н ы ң

әкімі

А. Мусаханов

Алматы облысы әкімдігінің  
 2011 жылғы 21 қарашадағы  
 "Алматы облысының әкімшілік  
 шекарасындағы Үлкен Алматы,  
 Түрген, Шелек, Ақсай, Ашыбұлақ,  
 Шарын, Текес, Күрті, Ақсу, Басқан,  
 Үсек, Тентек, Шіже, Сарқан, Лепсі,  
 Қорғас, Борохудзир, Биен, Қызылағаш,  
 Ақешкі, Шынжалы, Мақаншы, Ұзынқарғалы,  
 Қопа, Жирен-Айғыр, Шамалған, Біже,  
 Қарқара, Ассы, Жаманты, Қастек,  
 Тарғап, Көкөзек, Белбұлақ, өзендерінің,  
 Сасықкөл, Жалаңашкөл, көлдерінде  
 Күрті және Бартоғай су қоймаларында  
 су қорғау аймақтары мен белдеулерін  
 белгілеу және оларды шаруашылыққа  
 пайдалану режимі туралы" 246 қаулысына  
 1-қосымша

**Алматы облысының әкімшілік шекарасындағы Үлкен Алматы, Түрген, Шелек, Ақсай, Ашыбұлақ, Шарын, Текес, Күрті, Ақсу, Басқан, Үсек, Тентек, Шіже, Сарқан, Лепсі, Қорғас, Борохудзир, Биен, Қызылағаш, Ақешкі, Шынжалы, Мақаншы, Ұзынқарғалы, Қопа, Жирен-Айғыр, Шамалған, Біже, Қарқара, Ассы, Жаманты, Қастек, Тарғап, Көкөзек, Белбұлақ өзендерінің, Сасықкөл, Жалаңашкөл көлдерінің, Күрті және Бартоғай су қоймаларында су қорғау аймақтары мен белдеулері**

№ п/п	Су объектілері	Су қорғау аймақтарының ені, метр	Су қорғау белдеулерінің ені, метр
1	2	3	4
1	Үлкен Алматы өзені	300-1000	35-100
2	Түрген өзені	550-1700	55-100
3	Шелек өзені	500-1000	35-100
4	Ақсай өзені	500-1000	35-100
5	Ашыбұлақ өзені	500-550	60-100
6	Шарын өзені	500-1000	35-100
7	Текес өзені	500-1000	35-100
8	Күрті өзені	500-1700	35-200

9	Ақсу өзені	500-1000	35-100
10	Басқан өзені	500-900	35-100
11	Үсек өзені	500-1000	35-100
12	Тентек өзені	550-1000	50-100
13	Шіже өзені	500-1300	35-150
14	Сарқан өзені	500-1000	55-100
15	Лепсі өзені	500-1000	35-100
16	Қорғас өзені	500-1100	35-100
17	Борохудзир өзені	500-800	35-100
18	Биен өзені	500-900	35-100
19	Қызылағаш өзені	500-1000	50-100
20	Ақешкі өзені	500-1000	35-100
21	Шынжалы өзені	500-1000	35-100
22	Мақаншы өзені	500-1000	35-100
23	Ұзынқарғалы өзені	500-1000	35-100
24	Қопа өзені	500-800	35-100
25	Жирен-Айғыр өзені	500-900	35-100
26	Шамалған өзені	500-1000	35-100
27	Біже өзені	500-800	35-100
28	Қарқара өзені	500-1000	35-100
29	Ассы өзені	500-1000	35-100
30	Жаманты өзені	500-1000	35-100
31	Қастек өзені	500-900	35-100
32	Тарғап өзені	500-850	35-100
33	Көкөзек өзені	500-600	35-100
34	Белбұлақ өзені	500-700	35-100
35	Сасықкөл көлі	1000	100
36	Жалаңашкөл көлі	1000	100
37	Күрті су қоймасы	1000	100
38	Бартоғай су қоймасы	500	35-100

Алматы облысы әкімдігінің  
2011 жылғы 21 қарашадағы  
"Алматы облысының әкімшілік  
шекарасындағы Үлкен Алматы,  
Түрген, Шелек, Ақсай, Ашыбұлақ,  
Шарын, Текес, Күрті, Ақсу, Басқан,  
Үсек, Тентек, Шіже, Сарқан, Лепсі,  
Қорғас, Борохудзир, Биен, Қызылағаш,  
Ақешкі, Шынжалы, Мақаншы, Ұзынқарғалы,  
Қопа, Жирен-Айғыр, Шамалған, Біже,  
Қарқара, Ассы, Жаманты, Қастек,

Тарғап, Көкөзек, Белбұлақ, өзендерінің,  
Сасықкөл, Жалаңашкөл, көлдерінде  
Күрті және Бартоғай су қоймаларында  
су қорғау аймақтары мен белдеулерін  
белгілеу және оларды шаруашылыққа  
пайдалану режимі туралы" 246 қаулысына  
2-қосымша

## **Су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі**

1. Осы режим Қазақстан Республикасының Су Кодексіне, жер үсті су нысандарының су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарға сәйкес және бекітілген жобалар негізінде әзірленді.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

б) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс

жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал көмінділерін, сондай-ақ жер үсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.